

Бекітемін:

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрлігі

«Д.Серікбаев атындағы

Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ

Рахметуллина Сауле Жадыгеровна

« 15 / 11 » 2023 ж. № \_\_\_\_\_ -П

« » \_\_\_\_\_ 2023 ж.



**Конкурстық құжаттама**

Сатып алынатын жабдықтар тізімі :

лот №	Тауар, жұмыс, қызмет атауы	Лот бағасы ҚҚСпен қоса, теңге
1	2	3
1	Доплер акустикалық профилографы	33 000 000

**Тапсырыс беруші:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
«Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ  
Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 19.

БСН: 010440002379  
Банк реквизиттері: «Халық Банкі» АҚ ЕБ  
ЖСК: KZ296017151000000043  
БСК: HSBKZKX  
Есепшот валютасы: KZT  
КБе: 16

**Тапсырыс беруші өкілі:** Конурбаева Жадыра Тусупканова  
Қызметі: Басқарма мүшесі-ғылым және инновациялар жөніндегі проректор  
Байланыс телефоны: 8(7232) 540-495  
E-mail: [ZhKonurbaeva@edu.ektu.kz](mailto:ZhKonurbaeva@edu.ektu.kz)

**Ұйымдастырушы:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ

Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 19.

БСН: 010440002379  
Банк реквизиттері: «Халық банкі» АҚ ЕБ  
ЖСК: KZ296017151000000043  
БСК: HSBKZKX  
Есепшот валютасы: KZT  
КБе: 16

**Конкурстық комиссия хатшысы:** Құсманов Ернар Мейрханұлы  
Қызметі: ФИЖС кеңсесінің ЖБД инженері  
Байланыс телефоны: 8(7232) 540-495  
E-mail: [ptsf.vkgtu@mail.ru](mailto:ptsf.vkgtu@mail.ru)

**1. Жалпы ережелер**

1.1 Конкурс ұсынылып отырған конкурс ережелеріне сәйкес жеткізуші(лерді) таңдау мақсатында әткізіледі. 1.2 Конкурстық құжаттама (ары қарай – КҚ) келесіні камтиды:

1) осы КҚ-ның 1-қосымшасына сәйкес кәрсетілетін қызметтің және тауардың (тауарлардың, жұмыстардың, кәрсетілетін қызметтердің) тізбесін;

2) осы КҚ-ның 1.1 және 1.2 қосымшасына сәйкес, ҚР ұлттық немесе үкіметтік емес стандарттары кәрсетіле отырып, егер ондайлары бар болса, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, кәрсетілетін қызметтердің сипаты мен талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасы. Сонымен қатар техникалық сипаттамасы техникалық реттеу саласындағы ҚР заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуі керек. Қажет болған жағдайда техникалық сипаттамасында нормативті-техникалық құжаттамасы кәрсетіледі;

3) сатып алынатын конкурсқа қатысу туралы келісім,

4) ереженің 5 қосымшасы, 7 қосымшасы, 11 қосымшасы (тауарлардың, жұмыстардың, кәрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім берушілерге қойылатын арнайы біліктілік талаптары) сәйкес тауарды және қызметті беру үшін әлеуетті жеткізушінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) аталған конкурсқа бөлінген сома Лот №1 33 000 000 (отыз үш миллион) теңге.

1.3 Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға Әтініммен қоса тауарларды, жұмыстарды, кәрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір проценті мөлшерінде конкурсқа қатысуға арналған Әтінімді қамтамасыз етуді тәменде кәрсетілген түрдің бірімен енгізеді:

1) мынадай банктік шотқа орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасын «Халық Банкі» АҚ ЕБ, ЖСК: KZ296017151000000043, БСК: HSBKZKX, есепшот валютасы: KZT,

2) қағаз тасымалдағыштағы банк кепілдемесі. Қағаз тасымалдағыштағы банк кепілдемесі берілген кезде, банк кепілдемесінің түпнұсқасы конкурсқа қатысуға тапсырыстар қабылдаудың мерзімі аяқталғанға дейін, ұйымдастырушыға тапсырылады.

4. Конкурсқа қатысуға Әтінімді қамтамасыз ету мерзімі конкурсқа қатысудың негізгі тапсырысының мерзімінен кем болмауы керек.

## **2. Конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар**

2.1 Конкурсқа қатысуға өтінім қағаз тасымалдағышта, осы конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге) конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушінің келісім білдіру нысаны, сонымен қатар әлеуетті жеткізушінің өзі туралы мәлімет алуға келісімі болып табылады.

2.2 Конкурсқа қатысуға өтінім келесіні қамтуы тиіс:

- сатып алынатын қызметтің, оның ішінде тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, қызметтің шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына және өзге де сипаттамаларға кәрсетілген функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бар техникалық ерекшелігі;

- құқықтық кабілеттілігін (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке кабілеттілігін (жеке тұлғалар үшін) растайтын нотариалды куәландырылған құжаттар);

- әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, кәрсетілетін қызметтерді өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, басқа да құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

заңды тұлға:

- заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі. Қазақстан Республикасының резидент еместері нотариалды куәландырылған, мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудармасымен, сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірмені ұсынуға тиіс;

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі. Егер заңды тұлға қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгі жарғы негізінде жүзеге асырса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер қамтылмаған жағдайда) нотариалды куәландырылған үзінді не конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кейін берілген акцияларды ұстаушылардың тізілімінен нотариалды куәландырылған үзінді;

- құрылтайшының (лардың) атқарушы органды сайлау туралы шешімінің(хаттамасының) және оны директор етіп тағайындау туралы бұйрықтың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

жеке тұлға:

- тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- жеке куәліктің (паспорттың) нотариалды куәландырылған көшірмесі);

төлем кабілеттілігін растайтын құжаттар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, кредиттік серіктестіктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен

берешектің жоктығы туралы әлеуетті өнім берушіге Қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші Екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе Анықтама әлеуетті өнім берушінің конкурс туралы ақпаратты алған күнінен ерте емес берілген күнгі жағдай бойынша берілуі тиіс);

- үш айдан астам (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы не әлеуетті өнім беруші конкурс туралы ақпаратты алған күннен ерте емес берілген күнгі жағдай бойынша берілген бір теңгеден кем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің бар екендігі туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының;

- әлеуетті өнім берушіде материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжаттар;

- сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер.

Әлеуетті жеткізушінің бағалық ұсынысы Ереженің 14.1пунктісіне сәйкес.

2.4 конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер ашылатын күннен бастап кемінде 30 күн болуға тиіс.

2.5 Конкурсқа қатысу туралы өтінімдегі құжаттар көшірмесі айқын, анық болуы тиіс.

2.6 Әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімі және барлық хаттар мен құжаттар нақты және заңды мекенжайы көрсетіліп мемлекеттік немесе орыс тілінде жасақталады және ұсынылады.

2.7 Әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысу құжаттары өзге тілде берілсе жанына дәлме дәл аудармасы (нотариус куәландырған) қоса беріледі.

### **3. Конкурсқа қатысуға өтінім беру реті**

3.1 Конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті жеткізуші тапсырыс берушіге тігілген түрде, нөмірленген беттерімен береді және соңғы бетіне оның қолы және мөрі қойылып куәландырылады да конвертке салынып жабық күйде жіберіледі.

3.2 Әлеуетті жеткізушілер ұсынған конкурсқа қатысу өтінімдері тапсырыс беру журналына тіркеледі.

3.3 Әлеуетті жеткізушінің бағалық ұсынысы теңгемен берілуі тиіс.

### **4. Конкурсқа қатысудан бас тарту**

4.1 Әлеуетті жеткізуші өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткенге дейін өзі енгізген қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, әзінін конкурсқа қатысудан бас тартуға құқылы.

4.2 Конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтарып алу сияқты, оларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

4.3 Әлеуетті жеткізуші әзінің конкурсқа қатысуға қатысты барлық шығындарын өзі көтереді. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, эксперттік комиссия бұл шығындар бойынша, конкурс нәтижесі қандай болған жағдайда да міндеттеме алмайды.

### **5. Конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді ашу**

5.1 Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуды конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін, белгіленген күні жүргізеді. Егер конкурсқа тек бір тапсырыс қана берілсе, бұндай өтінім де ашылып қаралады.

5.2 Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасы конкурстық комиссия шешім шығарғаннан кейін элетронды поштамен жіберіледі.

5.3 Конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық комиссия шешімі қолына тиген мерзімнен бастап, әлеуетті өнім берушінің қалауы бойынша, аталған конкурсқа қатысушылардың өтінімдерімен танысу мүмкіндігі беріледі.

### **6. Конкурсқа қатысу өтінімдерін қарау**

6.1 Конкурсқа қатысу туралы өтінімдер конкурстық комиссиямен конкурсқа қатысатын үміткерлердің ішінен әлеуетті жеткізушілерді квалификациялық талаптарға және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетіндерін таңдап алу үшін қарастырылады.

6.2 Қажет болған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық комиссияның сараптама комиссиясын құруға немесе конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды жасауға, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікті анықтауға құқылы.

6.3 Конкурстық комиссияның шешім қабылдауы кезінде сарапшылардың дауыс беру құқығы жоқ. Сонымен бірге заңсыз шешім қабылданғаны үшін сарапшылар қорытынды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

6.4 Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия құқығы бар:

1) конкурсқа қатысуға өтінім берушілерден конкурсқа қатысуға өтінімдерді сараптауға, бағалауға және салыстыруды жеңілдету мақсатында жазбаша нысанда материалдар мен түсініктемелер сұратуға;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған ақпаратты нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға.

6.5 Конкурстық комиссия, конкурстық өтінімде өтінімнің мазмұнын бұзбайтын түзетілуі мүмкін грамматикалық немесе арифметикалық қателері бар болса бірақ, конкурстық құжаттаманың талаптарын қанағаттандыратын болса қарастырады.

6.6 Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатыса алмайды (конкурстың қатысушысы бола алмайды), егер:

1) Ол және (немесе) оның қосалқы мердігері немесе бірлесіп орындаушысы квалификациялық талаптарға сай емес деп танылса;

2) Егер әлеуетті жеткізуші осы тармақтың 1) тармақшасында кәзделген негіздер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмесе, онда:

3) конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың қорытындылары туралы хаттамада оны осындай өтініш берген әлеуетті жеткізушіге беруден бас тарту себептерін көрсетеді.

6.7 Конкурсқа қатысу өтінімдерін растыру нәтижесінде конкурстық комиссия анықтайды: 1)квалификациялық талаптарға және конкурстық құжаттамаға сай келетін әлеуетті жеткізушілерді;

6.8 Конкурсқа қатысуға рұқсат туралы хаттама отырысқа қатысқан барлық мүшелермен, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысымен қол қойылады.

6.9 Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысу туралы өтінім хаттамасының көшірмесін конкурсқа көрсетілген мерзімде өтінімдерін жіберген әлеуетті жеткізушілерге хаттамаға қол қойылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жібереді.

### **7. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және сәйкестендіру (конкурс)**

7.1 Екі кезеңдік процедураны қолданып, конкурсқа қатысуға рұқсат беру шешімінің хаттамасында белгіленген күні, конкурсқа қатысуға рұқсат алған әлеуетті жеткізушілер (конкурс қатысушылары), сатып алуды Ұйымдастырушыға Конкурстық баға ұсыныстарын береді, олар сатып алуды Ұйымдастырушының тиісті журналында тіркеледі. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға рұқсат алған әлеуетті жеткізушілердің (конкурс қатысушыларының)

конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және сәйкестендіру отырысына, осындай әлуетті жеткізушілердің Әкілдері де қатыса алады.

7.2 Баға ұсыныстарының мәніне қойылатын талаптар: әлуетті жеткізушінің баға ұсынысында тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бірлігі үшін қойылатын бағасы, сондай-ақ ҚҚС-пен, оған қосылған тасымалдау мен сақтандыру шығындары, кеден баждары, басқа салықтар, басқа алымдар, сондай-ақ тауарлар жеткізу, жұмыстар орындау, қызметтер кәрсету шарттарымен ескерілген Әзге шығындар ескеріліп, жалпы/қорытынды бағасы болу керек; әлуетті жеткізушінің баға ұсынысында ұсынылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жасалған шегерім, сондай-ақ балама шарттар ескеріліп, тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жасалып ұсынылған шегерім болады. Егер әлуетті жеткізуші Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамада нақтыланған шарттары негізінде және (немесе) балама шарттар кезінде жасалған шегерімді ұсынатын болса, онда баға ұсынысында аталған шегерімдер; әлуетті жеткізушінің тендер (лот) бойынша бағаны тәмендетуге бір қосымша баға ұсынысын беру мүмкіндігі туралы құқығына жасалған сілтеме, тиісті тендер (лот) атауы кәрсетіліп, және де талаптарға сәйкестілігі ескеріліп, жалпы/қорытынды бағасы болу керек. Бағаны тәмендетуге қосымша баға ұсынысы тендерге қатысу бойынша барлық Әтінімдер мәні жарияланған соң және конкурстық комиссия тәрағасының тиісті хабарландыруынан кейін беріледі. Тапсырыс берушіге әлуетті жеткізуші жалпы/қорытынды бағасына конкурстық құжаттамада және (немесе) баламалы жағдайлар анықталса жеңілдік берген жағдайда бағалық ұсынымда кәрсетілген жеңілдік есептелген жалпы/қорытынды бағасы болуы тиіс; әлуетті жеткізушінің тиісті тендер (лот) атауын кәрсете отырып және талаптарды қанағаттандыруды кәрсете отырып, конкурс (лот) бойынша бағаны тәмендету үшін қосымша баға ұсынысын ұсынуды. Бағаны тәмендетуге қосымша бағалық ұсыным тендерге қатысу Әтінімдерінің барлығын және сәйкес хабарландырулар жарияланғаннан кейін қол қойылады. Егер әлуетті жеткізушінің бағасын тәмендету туралы қосымша баға ұсынысы конкурсқа қатысуға Әтінімнің бәлігі ретінде ұсынылған баға ұсынысынан жоғары болса, конкурстық комиссия осы қосымша баға ұсынысын ескермейді.

7.3 Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға жіберілген әлуетті жеткізушілердің (конкурсқа қатысушылардың) конкурстық баға ұсыныстарын қабылдамайды, келесі жағдайларда: - бәсекеге қабілетті баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға бәлінген сомадан асып түссе.

7.4 Конкурстық комиссия конкурстың жеңімпазын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ең жақсы сапасымен және технологиялық сипаттамасымен немесе ең тәмен баға негізінде анықтайды. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша екінші орын алған конкурстың қатысушысы ең тәменгі шартты бағадан кейін бағаның негізінде анықталады.

Егер конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары немесе жеткізілетін тауарлардың, жұмыстардың және кәрсетілетін қызметтердің сапасы мен технологиялық сипаттамалары бірдей болса, конкурстың мәні болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ұқсас түрлерін сатуда тәжірибесі мол жеткізуші жеңімпаз атанады. Егер тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ұқсас түрлерін сатуда тәжірибесі мол, шартты бағалары бірдей бірнеше жеңімпаз болса, онда конкурсқа қатысуға Әтімін бірінші болып берген әлуетті жеткізуші жеңімпаз болып табылады.

## **8. Конкурсқа қатысу Әтінімдерін қамтамасыз етуді қайтару**

8.1 Ұйымдастырушы әлуетті жеткізушіге енгізілген конкурсқа қатысу Әтінімдерін қамтамасыз етуді тәмендегі жағдайлардың біреуі болса, 3 (үш) күн ішінде қайтарады:

- 1) конкурсқа қатысу Әтінімін ұсынудың соңғы уақыты болғанға дейін әлуетті жеткізуші Әзінің Әтінімін қайтарып алса;
- 2) конкурсқа қатысуға арналған хаттамаға қол қойылса. Кәрсетілген жағдай конкурстың қатысушысы болып бекітілген әлуетті жеткізушілерге таратылмайды;
- 3) конкурс тәсілімен сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін. Кәрсетілген жағдай конкурстың қатысушысы болып бекітілген әлуетті жеткізушілерге таратылмайды;
- 4) КҚ кәрсетілген сатып алу туралы келісім-шарт күшіне енсе және сатып алу келісімшартын орындайтын конкурс жеңімпазы енгізілсе.

8.2 Конкурсқа қатысуға Әтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастырушы қайтармайды келесі жағдайларда:

- 1) конкурстың жеңімпазы болып табылған немесе екінші орын алған әлуетті жеткізуші сатып алу туралы келісім-шарт жасасудан бас тартса;
- 2) конкурстың жеңімпазы болып табылған немесе екінші орын алған әлуетті жеткізуші сатып алу туралы келісім-шартын КҚ кәрсетілгендей орындама немесе дұрыс емес орындаса және (немесе) уақытылы орындамаса.

## **9. Конкурс қорытындысы бойынша сатып алу туралы келісім-шарт**

9.1 Сатып алу туралы келісім-шарт (бұдан әрі – келісім-шарт) жеткізуші мен тапсырыс беруші арасында қағаз түрінде жасалады. Тапсырыс беруші жеңімпазға Ереженің 12 қосымшасына сәйкес стандартты келісім-шартқа сәйкес жасалған келісім-шарт жобасын жібереді.

9.2 Әлуетті жеткізуші тиісті келісім-шартты алғаннан бастап үш күнтізбелік күн ішінде келісім-шартқа қол қоятын тұлға туралы ақпаратты, жеткізуші реквизиттерін толтырады және келісім-шартқа қол қояды.

9.3 Егер жеңімпаз атанған әлуетті жеткізуші келісім-шарт жобасын белгіленген уақытта қол қоймаса, тапсырыс беруші жеңімпаздың келісім-шартты жасапаған күннен бастап екі күн ішінде конкурс қорытындысы бойынша екінші орын алған қатысушыға келісім-шарт жобасын жібереді.

9.4 Екінші орын алған әлуетті жеткізушімен келісім-шарт жобасын алған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде қол қойылады.

9.5 Егер екінші орын алған әлуетті жеткізушімен келісім-шарт жобасына белгіленген уақытта қол қойылмаса тапсырыс беруші қайта конкурс жариялайды

Төраға



Ж. Конурбаева

Төрағаның орынбасары



Г. Уазырханова

Комиссия мүшелері:


Н. Всяких

А. Хакимова

Г. Тольбаева

В. Колпакова

Р. Нуркенова



Комиссия хатшысы



Е. Құсманов